

Балабақшада баланың рухани әлемін дамыту жоспары

Мақсаты:

Баланың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру, ішкі жан дүниесін байыту, өзін-өзі тануына ықпал ету.

Міндеттері:

- Балаларға ізгілік, қайырымдылық, мейірімділік, әділеттілік сияқты құндылықтарды үйрету;
- Әдептілік, сыйластық, жанашырлық сияқты рухани-адамгершілік мінез-құлықтарды қалыптастыру;
- Эстетикалық тәрбие арқылы сұлулықты сезіну қабілетін дамыту;
- Туған жерге, ата-анаға, үлкендерге сүйіспеншілік пен құрметті арттыру;
- Рухани дамуға ықпал ететін шығармашылық әрекеттерді ұйымдастыру.

ІСКЕ АСЫРУ ЖОСПАРЫ

Кезең	Іс-шаралар атауы	Мазмұны	Жауаптылар	Мерзімі
1. Танымдық жұмыс	«Жақсылық жасау – жүректен»	Адамгершілік әңгіме, көрініс көрсету	Тәрбиеші	Қыркүйек
2. Шығармашылық жұмыс	«Менің жан дүнием» сурет байқауы	Балалар ішкі сезімін сурет арқылы бейнелейді	Тәрбиеші, психолог	Қазан
3. Эстетикалық тәрбие	«Сұлулықты сезіне біл»	Табиғаттағы әсемдікті бақылау, сурет салу, гүл отырғызу	Музыка жетекшісі, тәрбиеші	Қараша
4. Құндылықтарды үйрету	«Мен – сыпайы баламын»	Мінез-құлық ережелері, жағдаят шешу	Тәрбиеші	Желтоқсан
5. Дәстүр мен руханият	«Ұлттық тәрбие – рухани негіз»	Салт-дәстүрді таныту, мақал-мәтел үйрету, әжелермен кездесу	Тәрбиеші, ата-аналар	Ақпан

Кезең	Іс-шаралар атауы	Мазмұны	Жауаптылар	Мерзімі
		Өзін-өзі тануға бағытталған		
6. Тұлғалық даму	«Мен кіммін?»	жаттығулар (айнамен жұмыс, «жылы сөз» ойыны)	Психолог	Наурыз
7. Қорытынды шара	«Жүрек жылуы» мерекесі	Балалардың рухани жетістіктерін көрсету (ән, би, өлең, көрініс)	Барлық педагогтар	Мамыр

Қолданылатын әдіс-тәсілдер:

- Әңгімелесу, әңгіме оқу
- Мақал-мәтел, ертегі, мысалдармен жұмыс
- Рөлдік ойындар мен сахналық қойылымдар
- Музыка, бейнелеу өнері, поэзия арқылы рухани тәрбие
- Релаксациялық және тыныштандыру жаттығулары

Негізгі рухани құндылықтар:

- Мейірімділік
- Сыпайылық
- Кешірімділік
- Құрмет
- Ұнтымақтастық
- Шүкіршілік

Ата-анамен байланыс:

- «Бала тәрбиесіндегі руханияттың рөлі» тақырыбында семинар
- Жадынама: «Баланың рухани дамуына ата-ананың ықпалы»
- Бірлескен отбасылық кештер мен шығармашылық жобалар